


Келісілді  
«Зеренді ауылының № 1 ЖОББМ» КММ  
Қамқоршылық кеңестің төрайымы  
 Д.А. Ақильбекова  
«05» сәуір 2024 жыл

  
Бекітемін  
«Зеренді ауылының № 1  
ЖОББМ» КММ директоры  
А.Д. Тақетов  
«05» сәуір 2024 жыл

**2024-2029 жылдарға арналған  
«Зеренді ауылының № 1 ЖОББМ» КММ  
ДАМУ ЖОСПАРЫ**

**2024 ЖЫЛ**

*2024 жылы «5» сәуірде  
педагогикалық кеңесте қаралды  
(№4 хаттама)*

## **Даму бағдарламасының мазмұны**

### **1 БӨЛІМ. Кіріспе:**

- білім беру ұйымының паспорты;
- даму бағдарламасының паспорты;
- даму бағдарламасын іске асыру кезеңдері.

### **2 БӨЛІМ. Ағымдағы жағдайды талдау:**

- мектептің қазіргі жұмыс жағдайының қысқаша сипаттамасы;
- ағымдағы жағдайды SWOT талдау.

### **3 БӨЛІМ. Мектептің көзқарасы мен миссиясы.**

- мектеп жұмысының басым бағыттары;
- бағдарламаны іске асыру тетіктері.

### **4 БӨЛІМ. Даму бағдарламасының нысаналы индикаторлар және іске асырудан күтілетін нәтижелер**

### **5-БӨЛІМ. Іс-шаралар жоспары.**

**1 БӨЛІМ. Кіріспе:  
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ПАСПОРТЫ;**

Атауы	«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Зеренді ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ.
Түрі	Жалпы орта білім беретін мектеп
Ұйымдық-құқықтық нысаны	Коммунальное государственное учреждение
Құрылған жылы	1970 жыл
Заңды мекен-жайы	021200 Зеренді ауданы, Зеренда ауылы, Чапаева көшесі 43
Телефон	8(71632) 21-4-63
E-mail	zerendaschool1@mail.kz
Веб-сайттың мекен-жайы	c0013.zerenda.aqmoedu.kz
Мектеп басшысы	Директор Такетов Ауелбек Дуйсенбекович
Оқушылардың өзін-өзі басқару формалары	Өзін-өзі басқару кеңесі

**ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ**

Бағдарлама атауы	<b>"Табысты мектеп құру: Кемелдікке апарар жол" мектеп дамыту бағдарламасы</b>
Әзірлеу негіздері	2019-2023 жылдарға арналған даму бағдарламасын орындау, мектептің дамуындағы елеулі өзгерістер, перспективалар мен олардың өзгерістері туралы болжамды ескере отырып, қолда бар жағдайлар мен ресурстық қамтамасыз етуді талдау
Бағдарламаны Жасаушыл	Мектептің педагогикалық ұжымының шығармашылық тобы, Қамқоршылық кеңес мүшелері, оқушылардың өзін-өзі басқару кеңесі
Келісілген күн	5 сәуір 2024 жыл
Бағдарламаның мақсаты	Білім алуға және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге негізделген оқушының жеке басын қалыптастыруға бағытталған білім беру кеңістігін дамыту.
Бағдарламаның міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқушының жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оның дамуына жағдай жасау.</li> <li>2. Педагогтердің біліктілігін арттыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету.</li> <li>3. Мектеп жұмысына ата-аналарды серіктес ретінде тарту.</li> <li>4. Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.</li> </ol>
Орындау уақыты	2024-2029 жылдар (5 оқу жылы)
Қаржыландыру көзі	Мемлекеттік бюджет, демеушілер

Мектепті дамыту бағдарламасы-мектепті дамытудың 2024 жылдан 2029 жылға дейінгі кезеңге арналған жолдары мен негізгі бағыттарын айқындайтын құжат. Даму бағдарламасы мектептің мақсатын, міндеттерін, бағыттарын анықтайды және даму нәтижелерін болжайды. Бағдарлама мектептің жай-күйін, ата-аналардың білім беру және басқа да қызметтерге қажеттілігін нақты талдау негізінде, сондай-ақ Бағдарламаны іске асыру процесінде мүмкін болатын тәуекелдерді ескере отырып жасалған.

Бағдарлама бес жылға созылады және барлық мүдделі тараптардың ресурстары мен күш-жігерін білім берудің басым міндеттерін орындауға жұмылдыруға арналған.

Бағдарламаны іске асыру педагогтардың, оқушылардың қызметіндегі сапалы өзгерістерді, мектеп пен ата-аналар қоғамы арасында тиімді коммуникациялар құруды, сондай-ақ материалдық-техникалық мәселелерді шешуді көздейді.

Мектепті дамыту бағдарламасының мақсаты – даму мақсатына жету үшін бүкіл ұжымды біріктіру және жұмылдыру-ғылым негіздерін оқыту, оқушының жеке басын қалыптастыру, жоғары адамгершілік, бәсекеге қабілетті, әлеуметтік бейімделген, өз қызметі үшін жауапкершілікті сезінуге қабілетті педагогикалық процестің дәстүрінен жаңа сапасына көшу.

#### ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ.


жылдар	Іс-шаралар	орындаушылар
1 кезең (2024-2025)	<p><b>Аналитикалық-жобалау, іске асыру кезеңі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>* Алдыңғы даму бағдарламасын іске асыру нәтижелерін проблемалық бағдарланған талдау (2019-2023 жж.).</li> <li>* Іс-шаралар жоспарына сәйкес мектепті дамытудың негізгі бағыттарына жағдай жасау және іске асыруды бастау.</li> <li>* Бағдарламаның іс-қимыл жоспарының іс-шараларын әзірлеу (шығармашылық топ).</li> <li>• Осы бағдарламаны іске асыру мониторингі жүйесін әзірлеу.</li> <li>* Бағдарламаның іс-қимыл жоспарының іс-шараларын іске асыру.</li> <li>* Мониторинг жүйесін жүзеге асыру, аралық нәтижелерді ағымдағы талдау.</li> </ul>	<p>Әзірлеушілердің шығармашылық тобы, педагогикалық ұжым</p>
2 кезең (2025 – 2028)	<p><b>Іске асыру кезеңі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>* Жұмыстың әлсіздеу бағыттары бойынша мектеп жоспарына түзетулер енгізу.</li> <li>* Оқыту мен тәрбиелеудің ақпараттық-коммуникациялық технологияларын, оқытудың интерактивті нысандарын білім беру процесінде мектеп педагогтарының іске асырылуын жалғастыру.</li> <li>* Мектеп педагогтарының педагогикалық бастамалары мен инновациялық қызметін қолдау және ынталандыру.</li> <li>* Дарынды балалар мен дарынды жастарды қолдауды дамыту;</li> <li>* Даму бағдарламасын іске асыру бойынша мектеп қызметінің нәтижелерін сыртқы сараптамаға, даму бағдарламасын іске асыру нәтижелері бойынша мектеп ұжымының шығармашылық жария есептеріне ұсыну.</li> <li>* Бағдарламаны іске асыру мониторингі жүйесін жүзеге асыру, аралық нәтижелерді ағымдағы талдау.</li> </ul>	<p>Мектептің педагогикалық ұжымы</p>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Келесі оқу жылына арналған жұмыстарға өзгертілер енгізу.</li> </ul>	
3 кезең (2028-2029)	<p><b>Аналитикалық-жалпылау кезеңі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>* Негізгі бағдарламалық іс-шараларды іске асырудың қорытынды диагностикасы.</li> <li>* Бағдарламаны іске асыру мониторингінің қорытынды нәтижелерін талдау.</li> <li>* Оң тәжірибені жалпылау.</li> <li>* Білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара іс-қимылының тиімділігін бағалау: мектеп педагогтарының, оқушылардың, ата-аналардың қатысуымен конференция.</li> <li>* Мектепті одан әрі дамыту Стратегиясының мақсаттарын, міндеттері мен бағыттарын анықтау.</li> </ul>	Өзірлеушілердің шығармашылық тобы, педагогикалық ұжым


## 2 БӨЛІМ. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ:

Зеренді ауылының №1 орта мектепбі 1970 жылы пайдалануға берілген. Жобалық қуаттылығы 347 орын, қазіргі таңда 716 оқушы білім алуда.

Соңғы 3 жылдағы талдау көрсеткіштері:



Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарында 3 жылда 1 рет жоспар бойынша оқытылады, кәсіби құзыреттіліктерге және инклюзияға ерекше көңіл бөлінеді. Соңғы 3 жылда мектепте жұмыс істейтін мұғалімдердің барлығы пәндік курстарда білім алды.



Контингенттің өсуі мен кемуі көші-қон процестерінің нәтижесінде байқалады (балалар облыстардан және басқа аймақтардан келеді). Жалпы, оқушылар саны тұрақты.



Оқушылардың білім сапасын арттыру бағытында тұрақты жұмыстар жүргізілуде. Соңғы үш жылда оқушылардың білім сапасында тұрақтылық байқалды.



Жыл сайын балаларды қосымша біліммен қамту көрсеткіші өсуде, бірақ мектепте бөлмелердің жетіспеуіне байланысты, бұл көрсеткішті әрі қарай жоғарлату шектеулі.

#### **МЕКТЕПТІҢ ҚАЗІРГІ ЖҰМЫС ЖАҒДАЙЫНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ;**

2023-2024 оқу жылында мектеп бес күндік жұмыс аптасында, екі ауысымда жұмыс істейді:

1-ші ауысым: 19 сынып. II ауысым: 18 сынып. Барлығы 37 сынып бар, оның 15-і 1-4 сынып, 5-9 сыныптар 18, 10-11 сыныптар 4.

Барлығы 716 оқушы оқиды, сыныптардағы оқушылардың орташа саны 23.

Мектептің кадрлық әлеуеті өзгеруде, бірақ тұтастай алғанда ол тұрақты, негізінен олар өз жұмыстарының нәтижелері үшін кәсібилік пен жауапкершіліктің жеткілікті жоғары деңгейіне қол жеткізген..

Биылғы 2023-2024 оқу жылында мектеп жұмыс істейтін қызметкерлер:

- педагогтердің жалпы саны – 87;
- соның ішінде толық емес жұмыс күні – 2;
- толық емес жұмыс күнімен жұмыс істейтін қызметкерлерді қоспағанда – 79 (6 мұғалім бала күтіміне байланысты демалыста);
- басшылық құрамы 5 мұғалім;



- 82 мұғалім (92,1%) жоғары білімді, 5 мұғалімнің орта арнаулы білімі (7,8%), 7 оқытушының магистр дәрежесі бар.

Педагог-зерттеуші – 7;

Педагог-сарапшы – 35;

Педагог-модератор – 23;

Бірінші санат – 1;

Педагогтер – 21.

2023-2024 оқу жылында курстардан өткен мұғалімдер көрсеткіштері 97%.

Мектепте кәсіпке дейінгі және бейіндік оқыту бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда, мектеп колледждермен және жоғары оқу орындарымен белсенді ынтымақтастықта, кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Мектепшілік бақылау белгіленген стандарттар мен өлшемдерге сәйкес педагогикалық процесті және педагогикалық іс-әрекетті басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасай отырып, оқу-тәрбие процесінің барлық аспектілерін қамтиды; Білім сапасын дер кезінде түзету мақсатында оқушылардың үлгерімі қадағаланып, талданады.

Олимпиадалар мен зияткерлік сайыстардағы жетістіктер динамикасы арқылы дарынды, ынтасы жоғары оқушылармен жұмыстың тиімділігінің артуы байқалады.

Мектептің тәрбие жұмысы жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде шығармашыл азамат тәрбиелеуге, оқушыларды қоғам өміріне бейімдеуге, жоғары рухани-адамгершілік мәдениет пен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне баулу, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған. Мектептің өзін-өзі басқаруында белсенділік бар.

Оқу үдерісін ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз етуді жақсарту бойынша жұмыстар жүргізіліп, қор толықтырылуда.

Оқушылар оқу және ғылыми әдебиеттермен 100% қамтамасыз етілген.

Білім беру ортасын жақсарту және нығайту, оқу-әдістемелік кешендерді жаңғырту, оқу кабинеттеріндегі компьютерлер, интерактивті тақталар мен панельдер санын көбейту, оқу-әдістемелік базаны толықтыру жұмыстары тұрақты бақылауда.

Жөндеу жұмыстары уақытылы әрі сапалы жүргізілуде.

Даму бағдарламасын әзірлеу барысында мектеп дамуының келешегі мен бағыттары туралы мұғалімдер мен әдістемелік бірлестіктердің пікірлері зерттелді, ата-аналарға сауалнама жүргізілді және олардың оқу-тәрбие процесінің мазмұнына, болжамына қанағаттанушылық дәрежесін зерделеу мақсатында оқушылармен сұхбат жүргізілді. мектепте ұсынылатын өзгерістердің күтілетін салдары жасалды, осы өзгерістерді жүзеге асырудың әдістері мен формалары бойынша ұсыныстар ескерілді.

### Білім беру үдерісіне қатысушылармен сауалнама жүргізу нәтижелері

№	респонденттер	нәтижелер	бағалар
1	Оқушылар сауалнамасын талдау	Респонденттердің 90%-ы (мектеп оқушылары) мектептің білім беру қызметінің деңгейіне қанағаттанған.	5
2	Мұғалімдер сауалнамасын талдау	Респонденттердің 92%-ы (мектеп мұғалімдері) оқыту мен тәрбиелеу сапасына жасалған жағдайға қанағаттанған.	5
3	Ата-аналар сауалнамасын талдау (заңды өкілдер)	Респонденттердің 85%-ы (ата-аналар) балалардың оқыту мен тәрбие деңгейіне қанағаттанған	5

**Қорытынды:** Сауалнама оқушылардың – дайындық деңгейіне, мұғалімдердің – сапалы оқыту мен білім алу үшін жасалған жағдайларға қанағаттануының жоғары деңгейін көрсетті; ата-аналар – оқушылардың дайындық деңгейіне және мектеп көрсететін білім беру қызметтеріне қанағаттануы байқалды.

Осы деректер негізінде келесілер жасалды:

### Мектептегі білім беру жүйесінің жағдайына SWOT талдау

Кадрлық ресурстар			
Мықты тұстары	Осал тұстары	Мүмкіндіктер	Қауіптер
Педагогтердің жоғары сапалы құрамы	кәсіби құзыреттіліктің жеткіліксіз деңгейі	оқыту, мастер-класстар өткізу, ӘБ отырыстарда педагогикалық технологияларды талқылау, тоқсанның соңындағы есептер	кейбір тәжірибелі мұғалімдердің жайлылық аймағынан шыққысы келмеуі, өзін-өзі тәрбиелеуге деген ынтасының төмен болуы
Дарынды балалармен жұмыс		ауысым , кесте бойынша жұмыс	
	сынып жетекшілердің жеткіліксіз жұмысы	сынып жетекшілер ӘБ жұмысын жандандыру	сынып жетекші болуға қызығушылықтың төмендігі
Курстар арқылы біліктілікті арттыру	алынған білімді тарату және тәжірибеде қолдану	ӘБ отырыстарында оқытуды және қатысқан семинарларды талқылау	
Білім беру мазмұнын іске асыру			

Мұғалімдердің оқу процесіне шығармашылық көзқарасы	оқушылардың білім деңгейі сапасының төмендігі	білім олқылықтарымен жұмыс	оқушылардың мотивациясының болмауы, мұғалімдердің кәсіби дайындығының төмендігі
	пәндер бойынша факультативтік сабақтардың болмауы	мүмкіндігінше қосымша сабақтар өткізу	
	сыныптарда жүйелі жұмыстың болмауы		
	ата-аналармен жұмыс	оқу үдерісіне ата-аналарды тарту	ата-аналардың әлеуметтік белсенділігінің төмендігі
<b>3. Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттырудың оқу-әдістемелік шарттары</b>			
		оқу-тәрбие жұмыстарының тәсілдерін қайта қарау	
Зерттеу топтарының болуы	мұғалімдердің зерттеу мәдениеті	сабақты зерттеу жұмысын жандандыру	мотивацияның жеткіліксіздігі
	педагогикалық технологияларды меңгерудің жеткіліксіз деңгейі	өзіндігінен білім алу-кәсіби құзыреттілікті арттырудың шарты	құзыреттілікті арттыруға қызығушылықтың төмен болуы
		лайықты төлемді қарастыру	
<b>4. Оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін, даму сапасын іске асыру шарттары</b>			
Оқушылардың олимпиадалар мен конкурстарға қатысуы	оқушыларды олимпиадаларға тарту бойынша мұғалімдер тарапынан жүйелі жұмыстың болмауы	оқушылар тобымен жұмыс	
	оқушыларды қосымша біліммен қамту	қосымша біліммен қамтылмаған балаларды тарту	қосымша сабақтар үшін төлем
<b>5. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарланған белсенді өмірлік ұстанымы бар тұлғаны қалыптастыру.</b>			
Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын ұйымдастыру	жүйелі жұмыстың, оқушыларға сенімнің болмауы	өзін-өзі басқару ұйымы жұмысына өкілдік ету	
	ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне нашар қатысуы	жұмысты бақылауға қою, есептерді тыңдау	кейбір ата-аналардың белсенділігінің төмендігі
	құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстың жеткіліксіздігі		
	«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымдарымен жұмыс	жұмысты жандандыру, ынталандыру шараларын ойластыру	

6. Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары			
СӨС бойынша профилактикалық жұмыс	Жұмыстағы жүйелілік	жұмысты жүйеге келтіру	
Спорттық іс-шаралар		айлар бойынша кесте жасау	
7. Ақпараттық ресурстар			
Кабинеттерді компьютерлік техникамен жабдықтау	IT-құзыреттіліктердің төмен болуы	ата-аналарды оқыту	кейбір тәжірибелі мұғалімдердің жайлылық аймағынан шыққысы келмеуі
	процестерді цифрландыру	оқу-тәрбие жұмысын цифрландыру	
Оқу-тәрбие жұмысында онлайн мектеп, Bilim land, Күнделік платформаларын қолдану	IT-құзыреттіліктердің төмен болуы	мұғалімдерді оқыту	пайдалануға құлықсыздық
	мектептегі интернет желісінің тұрақты болмауы	желіні қайта орнату	қаржылық жетіспеушілік
8. Материалдық-техникалық ресурстар			
	материалдық-техникалық қамтамасыз ету	МТБ нығайту	мектептің ескірген жобасы

### 3 – БӨЛІМ Мектептің болашағы:

**Жеке оқыту:** Мектеп әр оқушының ерекше қажеттіліктерін ескереді, әртүрлі оқу жолдарын ұсынады және жетістіктерін бағалайды.

**Болашақтың дағдыларын дамыту:** Академиялық пәндерден басқа, мектеп қазіргі әлемде сыни тұрғыдан ойлау, қарым-қатынас, ынтымақтастық және мәселелерді шешу сияқты жетістікке жету үшін қажетті дағдыларды дамытуға назар аударады.

**Оқытудағы технологиялар:** Оқытудың қызықты, әрі тиімді ортасын құру үшін, мұғалімдер заманауи технологияларды – онлайн ресурстарды, интербелсенді оқу бағдарламаларын және виртуалды шындықты пайдаланатын болады.

**Қауіпсіздік мәдениетін енгізу:** Білім алушының жынысына, нәсіліне, ұлтына немесе қабілетіне қарамастан әрбір оқушы мектеп қауіпсіз сезінетін орын болады.

**Шынайы әлеммен байланыс:** Оқушылар өздерінің білімдері мен дағдыларын жобалар арқылы, тәжірибе жұмыстары және сыныптан тыс іс-шаралар арқылы тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алады.

**Мұғалімдерге қолдау көрсету:** Мұғалімдерге кәсіби өсу үшін қажетті жағдайлар жасалады.

**Отбасымен ынтымақтастық:** Оқушылардың оқудағы жетістіктері мен дамуына қолдау көрсету үшін, оқу үдерісіне ата-аналар және қамқоршылар тартылады.

**Мектеп миссиясы:** Қоғамда өзін табысты жүзеге асыруға қабілетті жеке тұлғаны дамыту мектеп болып табылады.

**Мектеп жұмысының басым бағыттары:**

1. Мектепте қабырғасында оқушыларға қолайлы және ынталандырушы атмосфераны қалыптастыру, оқушыларды өзін-өзі бақылау дағдыларын үйрету, өзін-өзі тәрбиелеу.
2. Білім мен білім сапасын арттыру мақсатында, мектеп оқушыларының білімдерін бақылау арқылы жетілдіру.
3. Дарынды балалармен жұмыстың жүйесін күшейту.
4. Оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларын қолдануда мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.
5. Білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру, «Тілдер туралы заңдар», құқық бұзушылықтың алдын алу, санитарлық-гигиеналық ағарту және т.б.
6. Мектептің МТБ жетілдіру.

**Мектепті дамыту бағдарламасын жүзеге асыру тетіктері.**

**Басқару және көшбасшылық:**

Бағдарламаны іске асыру үшін жауапты шығармашылық топтың (мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар) құрамын бекіту.

Мерзімдері мен күтілетін нәтижелері бар нақты іс-қимыл жоспарын әзірлеу.

Жыл сайынғы мониторинг пен үлгерімді бағалауды қамтамасыз ету.

Мұғалімдерге, оқушыларға және ата-аналарға ашықтық пен есеп беруді қамтамасыз ету.

**Ынтымақтастық және серіктестік:**

Ата-аналармен және қоғаммен серіктестік орнату.

Мұғалімдерден, оқушылардан және ата-аналардан кері байланыс пен ұсыныстар алуға жағдай жасау.

Ата-аналарды мектептегі іс-шараларға тарту.

Қосымша ресурстар мен мүмкіндіктерді алу үшін ұйымдармен ынтымақтастық (колледж, ЖОО, театр, мұражай және т.б.).

**Кәсіби даму:**

Барлық мектеп қызметкерлерінің кәсіби дамуын қамтамасыз ету.

Оқу мәдениетін қалыптастыру және жаңашылдықты енгізу.

Мұғалімдерге жаңа идеяларды әзірлеуге және жүзеге асыруға мүмкіндік беру.

Мұғалімдерді ғылыми және инновациялық жобаларға қатысуға ынталандыру.

**Ресурстар және қолдау:**

Бағдарламаны іске асыру үшін тиісті қаржыландыруды қамтамасыз ету.

Барлық мектеп қызметкерлері үшін жағымды және қолдаушы орта ұйымдастыру.

Қиындыққа тап болған оқушыларға ресурстар мен қолдау көрсету.

### Бағалау және жауапкершілік:

Прогрессті өлшеу үшін нақты көрсеткіштер мен көрсеткіштерді орнату.

Оқушылардың үлгерімі, ата-ана мен мұғалімнің қанағаттанушылығы туралы деректерді жүйелі түрде жинау және талдау.

Оқыту мен оқу процесіндегі түзетулер мен жақсартуларды ақпараттандыру үшін деректерді пайдалану.

Оқушылардың, ата-аналар мен педагогикалық ұжымның алдында ашықтық пен есеп беруді қамтамасыз ету.

### Байланыс және ақпарат:

Мектептің даму жоспары туралы оқушыларды, ата-аналарды және мұғалімдерді ақпараттандыру.

Мектептегі білім алушылардың үлгерімдері мен жеткен жетістіктер туралы оқушыларды, ата-аналарды және педагогикалық ұжымды үнемі хабардар ету.

Мектеп веб-сайты, әлеуметтік медиа және электрондық пошта сияқты әртүрлі байланыс арналарын пайдалану.

Оқушылардан, ата-аналардан және педагогикалық ұжым мүшелерінен кері байланыстар мен ұсыныстар алу.

## 4 БӨЛІМ. НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2024- 2025	2025- 2026	2026- 2027	2027-2028	2028-2029
<b>1- міндет. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту</b>							
1	Бастауыш білім беру деңгейіндегі жоғары санатты педагогтердің үлесі	%	70	70	71	72	72
2	Негізгі және орта деңгейдегі жоғары санатты педагогтердің үлесі	%	43,5	45	45	47	48
3	Оқушылардың білім беру көрсеткіштеріндегі нәтижелерін жақсартқан мұғалімдердің үлесі	%	60	65	70	75	80
4	Білім беру саласында зерттеу қызметін жүргізетін мұғалімдердің үлесі	%	9	10	10	11	12
<b>2-міндет. Педагогтарды әдістемелік қолдау</b>							
1	Пәндер бойынша оқытудан өткен педагогтердің үлесі	%	35	37	39	40	41
2	Облыстық, республикалық семинарлар мен конференцияларға қатысатын және тәжірибе тарататын педагогтердің үлесі	%	10	12	12	14	15
3	30 жасқа дейінгі мұғалімдердің үлесі	%	1,7	2	3	4	5
<b>3-міндет. Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту</b>							
1	Оқу процесінің жетістігі: оқушылардың білім сапасы	%	54	55	56	56	58
2	Ресурстардың тиімділігі: МТБ дамытуға қаржыландыру көлемі	тенге	-	3370000	3875500	4456825	5125349
3	Персоналды басқару сапасы: қанағаттану	%	90	95	95	95	95
4	Ата-аналармен жұмыс: ата-аналардың ОТЖ - қатысу үлесі	%	15	20	25	30	35
<b>4-міндет. Білім беру сапасын бағалау</b>							

1	Білім беру сапасын бағалау (әкімшілік білім кесіндісі)	%	45	48	50	52	55
2	Зияткерлік олимпиадаларға қатысатын оқушылардың үлесі	%	10	15	20	25	30
<b>5-міндет.</b> Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру							
1	Экскурсияларға, мұражайларға, театрларға және т. б. қатысатын оқушылардың үлесі.	%	10	15	20	30	40
2	Спорттық және шығармашылық конкурстарға қатысатын оқушылардың үлесі	%	65	69	70	72	75
3	Қосымша біліммен қамтылған оқушылардың үлесі	%	95	95	100	100	100
<b>6-міндет.</b> Жас ұрпақтың азаматтық белсенділігін арттыру							
1	Волонтерлік жұмысқа қатысатын оқушылардың үлесі	%	30	35	40	45	50
2	Қоғамдық бастамаларға немесе жобаларға қатысқан оқушылардың үлесі	%	20	25	30	35	40
<b>7-міндет.</b> Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту							
1	Қазіргі заманғы оқыту жабдықтарымен жабдықталған оқу шеберханаларының, зертханалардың үлесі	%	-	-	-	-	-
2	Интерактивті тақталармен жабдықталған кабинеттердің үлесі	%	-	-	-	-	-
3	Мб/с желісіне қосылу жылдамдығы	Мб/с	100	100	100	100	100
4	Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жабдықталған құрылғылар мен қолжетімді инфрақұрылымдардың үлесі	%	-	-	-	--	-

### Мектеп миссиясына сәйкес бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер:

#### Басқару жүйесінде:

- мектепте менеджмент жүйесі жаңартылады;
- мониторинг жүйесі мектептің дамуын басқарудың негізі болады.

#### Инфрақұрылымды жаңартуда:

- мектептің инфрақұрылымы үнемі жаңартылып отырады;
- кабинеттер заманауи жабдықтармен жабдықталатын болады;
- барлық кабинеттер жергілікті желіге және интернет – ресурстарға қол жеткізе алады.

#### Педагогикалық ұжымның кәсіби шеберлігін жетілдіруде:

- педагогтер мен мектеп әкімшілігі білім берудің заманауи талаптары мен инновациялық технологиялар бойынша біліктілігін арттырудан және кәсіби қайта даярлаудан өтеді;
- педагогикалық құрам инновациялық білім беру технологиялары бойынша жұмыс істейтін болады.

#### Білім беру процесін ұйымдастыруда:

- оқушылар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып білім алады;
- оқушылар қосымша білім беру жүйесінде білім алып, әлеуметтік белсенділікті дамытатын болады;
- оқушылар шығармашылық белсенділікті дамыта отырып, зерттеу және жобалау қызметіне қосылады;
- мектепте дарынды интеллектуалды дамыған балаларды қолдау бағдарламасы жұмыс істейтін болады.

**Серіктестік қатынастарды кеңейту:**

- ата-аналар (заңды өкілдер) мектеппен белсенді қарым-қатынасқа қосылады;
- қоғамның серіктестері мектептің жалпы білім беретін және қосымша бағдарламаларын іске асыруға қатысатын болады.

**ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕГІ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ  
НЫҒАЙТУДЫ ЖӘНЕ ДАМУДА ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ**

Шығыстар	2024-2025	2025-2026	2026-2027	2027-2028	2028-2029
	(мың. тенге)				
<b>Қаржыландыру көздері:</b>					
МТБ дамытуды қаржыландыру көлемі	-	3370000	3875500	4456825	5125349
Мектептің ақылы қызметтерінен түсетін қаржы ресурстарының көлемі	-	-	-	-	-
<b>Қаражатты бөлу:</b>			-		
Мектеп жиһазы	-	-	-	-	-
Интерактивті және компьютерлік технология	-	-	-	-	-
Физика, химия, биология пән кабинеттеріне арналған құрал-жабдықтар	-	-	-	-	-
STEM зертханасы	-	-	-	-	-
Спорттық құрал-жабдықтар	-	-	-	-	-
Сахналық кешен	-	-	-	-	-
Әскерилендірілген техниканы оқыту	-	-	-	-	-
Кеңсе техникасы	-	-	-	-	-
Кітапхана қоры	-	-	-	-	-



**5-БӨЛІМ. Мектепті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

2024-2025 оқу жылы						
№	Іс-шара атауы	Мақсаты	мерзім	Қатысушылар	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже
<b>Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту</b>						
1	Кәсіптік конкурстарға қатысу (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № 514 ережесіне сәйкес)	Тәжірибе жақсартуға арналған мотивация	Кесте бойынша	мұғалімдер	ОӘЖ орынбасары Кенжебаев С.А.	Кәсіби өсуді қолдау және ынталандыру (20%)
2	Мұғалімдерді аттестаттау (перспективалық жоспарды бекіту)	Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру	Желтоқсан, тамыз	Аттестатталушы мұғалімдер	ОӘЖ орынбасары Кенжебаев С.А.	кәсіби қызмет стандарттары мен талаптарына сәйкестігі (30%)
3	Білім саласындағы зерттеулер (LS тобының жұмысын ұйымдастыру)	Мұғалімдердің зерттеушілік мәдениетін арттыру	Жыл бойы	мұғалімдер	ОӘЖ орынбасары Кенжебаев С.А.	Оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша негізделген шешімдер қабылдау (35%)
<b>Мұғалімдерді әдістемелік қамтамасыз ету</b>						
1	Біліктілікті арттыру курстарында оқыту (ұзақ мерзімді жұмыс жоспарын бекіту)	Жаңа білім мен дағдыларды меңгеру	Кесте бойынша	мұғалімдер	ОӘЖ орынбасары Кенжебаев С.А.	Мұғалімдердің білімін жаңарту (80%)
2	Заманауи оқыту әдістемесі бойынша облыстық семинарларға қатысу (сауалнама)	Тренинг және пікір алмасу, проблемаларды анықтау	Қажеттілігіне қарай	мұғалімдер	ОӘЖ орынбасары Кенжебаев С.А.	Кәсіби дағдыларды дамыту (30%)
3	Жас мұғалімдерді жұмысқа алу	Жастарды тарту	үнемі	мұғалімдер	ОӘЖ орынбасары Кенжебаев С.А.	Жаңа заманауи оқыту технологияларын енгізу (5%)
<b>Білім берудің басқару сапасын арттыру</b>						
1		Тренингтегі әлсіз жақтарды және проблемалық аспектілерді анықтау	Тоқсан сайын	Мұғалімдер Оқушылар	ОТЖ орынбасары Касымов Д.А. Абдильманова А.Е.	Білім сапасының тұрақты өсуі (50%)

2	Қамқоршылық кеңесінің отырысы (есеп беру және қаражатты бөлу)	Қаражатты тиімді бөлу	қажеттілігіне қарай	Директор, меңгерушілер, Шаруашылық меңгерушісі	ОТЖ орынбасары Касымов Д.А. Абдильманова А.Е.	Оқу процесінің сапасы мен өнімділігін арттыру
3	Мұғалімдердің мотивациясын және қанағаттануын анықтау үшін сауалнама	Қанағаттану мәселелерін анықтау	Қыркүйек мамыр	Мұғалімдер	ОТЖ орынбасары Касымов Д.А. Абдильманова А.Е.	Ұжымда қолайлы микроклимат (90%)
4	Ата-аналардың қатысуымен өтетін іс-шаралар (ата-аналар жиналысы, сабақтар, тәрбиелік іс-шаралар)	Мектеп пен отбасы серіктестігін құру	Жыл бойы	Оқушылар, ата-аналар	ОТЖ орынбасары Касымов Д.А. Абдильманова А.Е.	Отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту (15%)
<b>Білім сапасын бағалау</b>						
1	Әкімшілік бақылау жұмысы	Оқыту әдістері мен оқу бағдарламаларының тиімділігін бағалау үшін оқу нәтижелерін талдау	Кесте бойынша	Мұғалімдер Оқушылар	ОТЖО Касымов Д.А. Абдильманова А.Е.	Оқушылардың білім сапасын арттыру және білім беру мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету (45%)
2	Пәндік олимпиадалар мен интеллектуалдық сайыстарға қатысу	Өзін-өзі білім деңгейін арттыру және интеллектуалдық дамуы мен жүзеге асыруына қолдау көрсету	Кесте бойынша	Мұғалімдер Оқушылар	ОӘЖ орынбасары Кенжебаев С.А.	Интеллектуалдық, шығармашылық, көшбасшылық және басқа да қабілеттерді ашу және дамыту (10%)
3	Мектеп түлектерінің жұмысқа орналасуын қадағалау	Мектептен кәсіби білім беру ортасына сәтті көшуді қамтамасыз ету	Шілде-тамыз	Мұғалімдер, 9, 11 сынып түлектері	ОТЖО Абдильманова А.Е.	Кәсіби өмірдің сәтті басталуын қамтамасыз ету (75%)
<b>Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру</b>						
1	Мұражайларда тікелей сабақтар өткізу	Дәстүрлі емес сабақтарды өткізу үшін мұражай деректерін пайдалану	Кесте бойынша	оқушылар	Мұғалімдер, ТЖ орынбасары Смагулова Б.Т.	Белгілі бір тақырыптар немесе пәндер бойынша білім мен дағдыларды байыту (40%)
2	Оқушылардың шығармашылық жұмыстары байқауы	Оқушылардың шығармашылықтағы жетістіктерін көрсету	күнделікті	оқушылар	Мұғалімдер, ТЖ орынбасары Смагулова Б.Т.	жақсы нәтижелерге қол жеткізу және оларды өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру (15%)

3	Қосымша білім беру: секциялар мен үйірмелерге бару	оқушылардың білімдерін, дағдыларын және қызығушылықтарын мектеп бағдарламасынан тыс кеңейту	Жыл барысында	оқушылар	ТЖ орынбасары Смагулова Б.Т. үйірме жетекшілері	Толық және жан-жақты тұлғаны қалыптастыру (85%)
4	Мектептің сыртқы ұйымдармен ынтымақтастығы	Оқушыларға кәсіптік бағдар беруге көмектесу	Жыл барысында	Мектеп, ЖОО	ТЖ орынбасары Смагулова Б.Т.	әлеуметтік дағдыларды дамыту және мектеп ресурстары мен мүмкіндіктерін кеңейту (12)
<b>Жас ұрпақтың азаматтық белсенділігін арттыру</b>						
1	Еріктілер топтарының байқауы	Тәжірибені жалпылау және аудару	Жыл барысында	оқушылар	Аға тәлімгер, ТЖ орынбасары Смагулова Б.Т.	Әлеуметтік мәселелер мен жағдайларды шешуге қолдау көрсету және көмек көрсету (25%)
2	Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыратын оқушылар топтарының тәжірибесін трансляциялау	Жұмыс тәжірибесін жалпылау және тарату	Жыл барысында	оқушылар	Аға тәлімгер, ТЖ орынбасары Смагулова Б.Т.	Оқушылардың қоғамдық істер мен бастамаларға қатысуы мен қатысуының артуы (40%)
<b>Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту</b>						
